

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Аннотация. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу және тағы басқадай негізгі құзіреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге және де функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу сауаттылығын, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын, математикалық сауаттылығын, компьютерлік сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Кілт сөздер: құзіреттілік, бейім, дағды, сауаттылық, креатив.

Бүгінгі таңдағы өте қарқынды дамып жатқан қоғамға, постиндустриалды әлемде кез келген өзгерістерге тез бейімделе алатын адамдар қажет. Сондықтан бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни жоғары бәсекеге төтеп бере алатын, өмір сүруге бейім етіп тәрбиелеуі керек. Осы тұрғыдан келгенде, «Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерістің алғашқысы өзін бол» деген тұжырым жаңа формациядағы мұғалім бейнесін қалыптастыруға үлкен септігін тигізуде. Себебі бүгінгі ұстаз – рухани дамыған, шығармашыл, жаңалыққа ұмтылғыш, білім құндылығын түсінетін, өз пәнін, оны оқыту әдістемесін терең білетін, жеке тұлғасын әрі қарай дамыту мотивациясы қалыптасқан білікті де білімді маман болуы тиіс. Менің алдымда отырған әрбір оқушымының қарқаны өте күшті қоғамға бейімделуімен қатар, онда өз орнын таба білуге баулу екендігін сезіне отырып, олардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында дәл қазір атқарылып жатқан жұмыстар жүйесі сараланады.

Ұлтымыздың ұлы ғалымы, ағартушы – ұстаз А.Байтұрсынов: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» [1, 252], -деп оқытушы, мұғалімдерге талаптар қояды да, ары қарай осы талаптарды орындағанда қазақ оқытушыларының, қазіргі мектеп мұғалімдері мен білім алушы оқушыларының да ұтатын тұстарын көрсетеді.

Осы тұста «Маған айтсаң - мен ұмытамын. Маған көрсет - сонда мен есте сақтаймын. Менің өзіме әрекет етуге мүмкіндік бер – сонда мен үйренемін» деген қытай даналығының да мәні зор. Себебі ол бізден не істеу керек? нені өзгерту керек? нені жетілдіру керек? деген сауалдарға жауап беруді қажет етеді. Бұның өзі «сөз үйретпейді, әрекет үйретеді» деген ұстанымның маңыздылығын көрсетеді. Осы тұста ғалымдардың айтылған ақпараттың

30 пайызы, ал жазған ақпараттың 70 пайызы сақталатынын нақты атап көрсеткенін де ескеруіміз керек.

Қазіргі уақытта адамның білімі мен білімділігіне қойылатын талаптың жоғарылығы тарихи заңдылық. Себебі қазіргі кәсіби білім беру жүйесі ұстаздардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Оның бірден бір дәлел ақпараттық-технология жан-жақты дамыған қоғамда білім беру кеңістігінде болып жатқан өзгерістер болмақ. Себебі, ғасырлар бойы ұрпақ болашағының кемел болуы саналы тәрбие мен сапалы білімге қатысты екенін ұғынған алдыңғы буын әрдайым білім жүйесіндегі өзгерістерге үнемі ашық болып келді. Қашанда ілгерілеуге апаратын басты шарт – сапалы білімге келіп тірелетіні заңдылық. Ал оқушылардың бойында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін, алдымен өзімізден бастауымыз тағы да шарт.

XIX ғасырдың ұлы педагогы К.Д.Ушинский: «Адамды өмір бойы үйретуге болмайды, оны өмір бойы оқуға үйрету керек» дейді[2]. Себебі білім - өмірде өз қажетін таба алатын білік пен дағды. Одан «не нәрсеге үйренсек те, оның барлығы да өмірмен тығыз байланыста болғаны абзал» деген ой түйіндейміз. Бұның өзі қазіргі заманғы өмір бойы білім алу тұжырымымен үндеседі. Оған жетудің

бірден бір жолы – функционалды сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Ал функционалды сауаттылық кез келген тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, өзінің мамандығы бойынша білімін үнемі жетілдіріп отыруын білдіреді.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауда «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек», - деп атап айтты [3].

Халықаралық зерттеулер (PISA) соңғы жылдары әлемдегі, соның ішінде еліміздегі білім берудің дамуына үлкен әсер етті. Бүгінгі таңда отандық білім PISA нәтижелерін ескермеуге болмайды, өйткені бәсекеге қабілеттілік мәселесі өте өткір. Еліміздегі білім сапасы шетелдегі білім сапасынан өзгеше екені белгілі.

Халықаралық бағдарламадағы орталық ұғым – «сауаттылық», ол кең мағынада функционалды сауаттылық ретінде де анықталады. Бұл термин қазіргі кезеңде білім берудің барлық деңгейлерінің федералды білім беру стандартын енгізу арқылы қамтамасыз етілетін жалпы білім беру құзыреттілігін көрсетеді.

1957 жылы ЮНЕСКО енгізген «сауаттылық» термині бастапқыда әлеуметтік контексте қолданылатын оқу мен жазуды қамтитын дағдылардың жиынтығы ретінде анықталды. Сауаттылық- бұл оқу және жазу дағдыларын меңгерудің белгілі бір деңгейі, жаттанды сөздермен күресу мүмкіндігі.

Әлеуметтанудың сөздігінде функционалдық сауаттылықты-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу және оған мүмкіндігінше тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті, яғни қоғаммен өзара әрекеттесу жағдайында оқу және жазу дағдыларын қолдану қабілеті ретінде анықтайды. Бұл адамның әлеуметтік ортадағы толыққанды іс-әрекетін мүмкін ететін сауаттылық деңгейі.

«Функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесінің бүгінгі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы және оның алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның ортаға тез бейімделіп, қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Функционалдық сауаттылық тұлғаның бүгінгі еңбек нарығында бәсекеге түсе алуға қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Дегенмен функционалдық сауаттылық білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Демек функционалдық сауаттылық тұлғаның сапалық сипатын арттыру тұрғысынан қарағанда жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Функционалдық сауаттылық мәселесін зерттеушілер әр қырынан келгені белгілі. Атап айтсақ, білім беру философиясы тұрғысынан Б.С.Гершунский, В.В.Мацкевич, С.А.Крупник; үздіксіз білім беру аспектісінде С.А.Танган, И.А.Колесникова; құзіреттілік тұрғысынан А.В.Хуторской, О.Е.Лебедев қарастырған. Функционалдық сауаттылықтың теориялық және практикалық жағынан зерттелуі көптеген ғылыми еңбектерге арқау болған. Нақты тоқталатын болсақ, Т.И.Акатов студенттің тілдік функционалдық сауаттылығын тілдік мәдениетпен байланыста қарастырса, Л.М.Перминова, О.Е.Лебедев оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру технологиясын зерттеген. Сондай-ақ, Н.Оразахынова, Г.М.Кенжебаева, А.К.Рауандина сынды отандық ғалымдарда қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесін қарастырған. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін оның теориялық-әдіснамалық негіздері анықталуы керектігі белгілі [3]. Ол теориялық-әдіснамалық негіздер алға қойылып отырған келелі мәселенің бастау көздерін танытады. Дегенмен пәндік сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың игерген құзіреттіліктеріне байланысты ғалымдар жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екені байқалды.

«Функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесінің бүгінгі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы және оның

алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі өзектілігін арттырып отыр [4]. Функционалдық сауаттылық – адамның ортаға тез бейімделіп, қарымқатынасқа түсе алу қабілеті мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Функционалдық сауаттылық тұлғаның бүгінгі еңбек нарығында бәсекеге түсе алуға қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Дегенмен функционалдық сауаттылық білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Демек функционалдық сауаттылық тұлғаның сапалық сипатын арттыру тұрғысынан қарағанда жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Сонымен қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі-функционалды сауатты адамды қалыптастыру болып табылатын мойындадық және осы бағытта қарқынды қызметтер атқарылуда.

Соңғы жылдары, балалар 1-сыныпқа келгенде, көп оқи алады. Бірақ мәтіндерді оқи бастағанда, біз оларды тек механикалық түрде оқитынын аңғарамыз. Балалар мәтіннің негізгі ойы туралы айтпағанда, мәтінді не немесе кім туралы түсінбейді. Бұл функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қажеттілігін растайды. Сәл бұрынырақ уақытта сауатты адамдар жазуды және оқуды білетіндер деп саналды. Ал біздің қазіргі әлемде «сауаттылық» ұғымы кеңірек және тереңірек қабылданады.

Сауаттылық-бұл адамға үнемі жаңа нәрселерді үйренуге және игеруге, әлемдік және ұлттық мәдениеттің байлығына қол жеткізуге және сол арқылы өзінің ішкі әлемін кеңейтуге мүмкіндік беретін негізгі оқу құзыреті болып табылады.

Функционалдық сауаттылық адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу және оған мүмкіндігінше тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті екендігін жоғарыда атап өттік.

Ал функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерін төменде ретімен атап көрсеттік.

Функционалдық сауаттылық:

- оқу сауаттылығы;
- жаратылыстану сауаттылығы;
- қаржылық сауаттылық;
- математикалық сауаттылық;
- жаһандық құзыреттер;
- шығармашылық және сыни ойлау [5].

Функционалдық сауаттылықтың негізін біз бастауыш мектепте қалауымыз керек!

Қарапайым тапсырмаларды орындай отырып, біз функционалды сауаттылықтың жұмбақ компоненттерін жасаймыз. Жоғарыда аталған функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктерін көрнекі түрде 1-суретте көрсетілді.



1-сурет. Мектеп ағашы.

Мұндағы ағаш-тұлғаның функционалдық сауаттылығы деп алатын болсақ, су педагогикалық технологиялар, алма-негізгі құзыреттіліктер ал, мұның барлығын суарушы-мұғалім. Бұл жерде ең маңызды нәрсе «ата-ананың рөлі қандай?» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Ал ағаштың тамыры мықты болу үшін ата-ананың балаға мектеп жасына дейінгі беретін, мұғалімнің мектепте берген білімін үйде бекіту қызметтері өте маңызды.

Жаңартылған білім мазмұны оқушының алған білімін ұзақ уақытқа сақталып, белсенді құралға айналуы үшін, ақпарат баланың танымында ойлау процестері негізінде табиғи түрде қалыптасып, жүйеленуі міндеттерін жүзеге асырады. Дәстүрлі білім беру мазмұнында қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарын дайындауда, оқу бағдарламаларын құрастыруда оқытудың психологиялық негіздері толық ескіріле бермеді. Сондықтан болуы керек қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қалыптасқан тілдік және әдеби білім тұлғаның белсенді құралына айналмауы күрделі мәселе болды. Тілдің тек қарым-қатынас құралы ретінде белсенділігін қызмет етуі деп түсінбеу керек. Кез келген тілді үйренуші тұлға дайын тіркестерді жаттау арқылы да шектеулі сөйлеу жағдаяттарында қарым-қатынасқа түсуге болады. Бірақ ол тіл үйренуде жүйелі, іргелі, ойлау процесінен өтіп, құрылым ретінде қалыптасқан ақпарат, білім қоры негізінде қалыптаспайды. Қысқа уақытқа жадыда сақталған дайын, ойсыз қолданылатын формалар ретінде қолданысқа түседі. Білім алушыда тілдік білім, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті қалыптасуы үшін оның таным белсенділігін арттырып, дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, ойланушы, сараптаушы тұлғаға айналдыру керек. «Сөйлеу дегеніміз – ойлау. Ойлау дегеніміз – тану, сөйлеу – қарым-қатынас жасау. Адам ойлаған кезде тілдік материалды пайдаланады және ой сөйлес түрінде беріледі [6,117].

Бүгінгі қоғам мен білім берудің жаңа парадигмаларының сұранысын қанағаттандыру үшін тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды жүйелі түрде сабақ үрдісіне енгізу заман талабы. Білім алушы бойына оқу (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым), ойлау (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау), шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, сыни ойлау, алгоритмдік ойлау, проблемалық ойлау, технологиялық ойлау, тілдік құзіреттілік, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту арқылы құзіреттіліктерін қалыптастыру-жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында екенін ескерілуі қажет.

Түркі әлемінің ойшылы Жүсіп Баласағұнның: «Білім – адам баласының ортақ қазынасы» деген терең пікіріне зер салып, ой түйсек терең мән бар. Бүкіл адамзат баласының ғылымды игеріп, жаңалықтар ашып, әлемнің жұмбақ сырларын ашқаннан бері де талай ғасыр өтті.

Бүгінде біз, ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттың молдығы сондай, қабылдау мен түсінудің өзі адам баласына көп күш түсіруде. Ал осындай заманның жас өскінін қалай оқытамыз, халық даналығына бой салсақ, «жақсыға үйретеміз, жаманнан жирендіреміз». Бұл бүгінгі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен міндет.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылыққа негізделіп отырған жаңартылған білім мазмұны оқушыға әр түрлі білік дағдыларын қалыптастырып, ақыл-ой қабілетін жан-жақты дамытуды мақсат етеді. Осы орайда, білім беруде шәкіртке тек дайын білімді меңгертіп, оны қайталаумен шектелмей оқушының өзіндік ізденісіне, өзіндік әрекетіне бағдар беріп, өзін және жолдастарының білімін өздігінен бағалай білу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Қарағанды облысы Білім басқармасы, Қарағанды облысы Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы 2021 жылғы «Функционалдық сауаттылық – білім беру сапасын жақсартудың аса маңызды шарты» атты білім беру қызметкерлерінің облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдары жарияланып, онда өңіріміздегі жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жұмыстарының да қарқындылығын аңғара аламыз, және осы мақсатта өз үлесімізді қосу жолында қарқынды жұмыстар атқарылуда.

Әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (17.01.2014), – Астана, 2014
- 3 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері.–Алматы, 2013. – 446 б.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (14.12.2012), – Астана, 2012
- 5 Қараев Ж. Шығармашылық пен жасампаздықтың жаңа моделі // – 2 ақпан 2004. -№2
- 6 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеу.–Алматы, 1990